

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ОРНЫ

Г.М. ТОКТЫМАНОВА*

Түйіндемe :Қазақ тілі – түркі тілдерінің кыпшақ тобына жататын, бай тарихи және мәдени мұрасы бар тіл. Ол өз бастауын көне түркі ескерткіштерінен алады және Орхон-Енисей, Күлтегін, Тоныкөк сияқты жазба мұралармен тарихи сабақтастықта дамып келеді. Зерттеу барысында қазақ тілінің қалыптасу кезеңдері, тілдік ерекшеліктері мен тарихи даму жолы нақты лингвистикалық деректер арқылы сипатталады. Сонымен қатар, қазақ тілінің басқа түркі тілдерімен ортақ және айырмашылығы бар белгілері – дыбыстық жүйе, грамматикалық құрылым, лексикалық қазынасы талданып, тарихи-мәдени ықпалдастықтар негізінде қарастырылады. Қазақ тілі – тек Қазақстан халқының тілі ғана емес, сонымен қатар күллі түркі әлемі үшін ортақ тарихи-рухани құндылықтардың бірі. Осы бағытта тілдің қазіргі түркі интеграциясындағы орны, халықаралық ғылыми лингвистикадағы маңызы да назардан тыс қалмайды. Жұмыстың мақсаты – қазақ тілінің түркі тілдер ішіндегі ерекшелігін айқындау және оның даму жолындағы тарихи сабақтастығын ғылыми негізде көрсету.

Тірек Сөздер: *Тіл, Жүйе, Үдеріс, Этникалық Тіл, Заңдылық, Мәдениет, Халық, Тарих.*

Historical Place of the Kazakh Language in the System of Turkic Languages

Abstract: Kazakh is a language belonging to the Kipchak group of Turkic languages with a rich historical and cultural heritage. It originates from ancient Turkic monuments and develops in historical continuity with such written heritage as Orkhon-Yenisei, Kultegin, Tonyukuk. In the course of the study, the stages of formation, linguistic features and the path of historical development of the Kazakh language are described using specific linguistic data. In addition, the features of the Kazakh language that are common and different from other Turkic languages – the sound system, grammatical structure, lexical treasure-are analyzed and considered on the basis of historical and cultural interactions. The Kazakh language is not only the language of the people of Kazakhstan, but also one of the common historical and spiritual values for the entire Turkic world. In this direction, the place of the language in the modern Turkic integration, the importance of it in international scientific linguistics are not ignored. The purpose of the work is to identify the specifics of the Kazakh language among the Turkic languages and to show the historical continuity of its development on a scientific basis.

Key Words: *Language, System, Process, Ethnic Language, Regularity, Culture, People, History.*

Кіріспе

Тіл – белгілі бір халықтың тарихымен, мәдениетімен, тұрмыс-салтымен және дәстүрімен тығыз байланысты құбылыс. Түркі тілдері де ғасырлар бойы дамып, басқа тілдермен өзара әрекеттесу нәтижесінде өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырған. Түркі халықтары кең аумаққа таралғанымен, олар ата-бабаларынан қалған ортақ тілдік негіз бен мәдени мұраны сақтап келеді.

«Қазіргі түркі тілдері» ұғымы – ежелгі ру-тайпалық кезеңдерден бастап, этнос пен халықтың тілі ретінде қалыптасқан тілдерді қамтиды. Бұл тілдер тарихи, әлеуметтік және мәдени өзгерістерді бастан өткерсе де, қазіргі кезде соларды қолданатын қауымның қажеттіліктерін өтеп отыр.

Қазақ тілі – түркі тілдерінің байырғы өкілдерінің бірі, тамырын тереңнен тартқан, ғасырлар бойы тарихи өзгерістерді бастан кешіре отырып, өзіндік дербестігін сақтап қалған құнды мұра. Ежелден Еуразия кеңістігінде өмір сүрген түркі халықтары бір-бірімен тығыз байланыс орнатып, өзара ықпалдасты. Бұл ықпалдастық олардың мәдениеті мен тілінде ортақ ерекшеліктерді қалыптастырып, түркі тілдерінің біртұтас жүйе ретінде дамуында үлкен рөл атқарды. Осы жүйенің ішінде қазақ тілі өзіндік ерекшелігімен дараланып, халықтың рухани айнасына айналды.

Тарихи деректерге сүйенсек, қазақ тілінің дамуы мыңдаған жылдарға созылған үдеріс. Ол сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының тілдік негіздерінен бастау алып, көне түркі дәуірінде үлкен жетістіктерге жетті. Қазақ тілі – ұлттық бірегейлікті айқындайтын, халықтың рухани және мәдени мұрасын сақтаушы негізгі құрал.

Тілдің адам ойлауын бейнелеу және сақтау құралы екенін ескерсек, оның мазмұны мен құрылымы арасындағы байланыс түркі тіл білімі саласында ерекше мәнге ие. Белгілі түркітанушы Н. Баскаков тілдің ішкі заңдылықтары мен адам ойлауының

* П.ғ.м., аға оқытушы, Қазақстан-Ресей медициналық университеті, g.toktyman@gmail.com

өзара байланысын былайша сипаттаған: «Түркі тілдерінің құрылымы, басқа да тілдер сияқты, өте күрделі және ең алдымен, адамның негізгі ойлау түрлерімен тығыз байланысты. Егер тіл мен ойлау арасындағы тікелей байланысты ескеретін болсақ, онда тілді когнитивтік функциялардың көрінісі ретінде бөлінбейтін біртұтас жүйе ретінде қарастыру қажет. Оның негізгі құрылымдық бөліктері – грамматика, лексика және дыбыстық құрам – өзара байланыста болады және олардың әрқайсысы өзіндік материалдық әрі мазмұндық ерекшеліктерімен, сондай-ақ ішкі заңдылықтарымен сипатталады» (Баскаков Н, 1969:384).

Біз алдымен кез келген этникалық тілді толық зерттеуіміз үшін сол этностың табиғатын терең білуіміз қажет. Тілдің ішкі заңдылықтарын білу жеткіліксіз, өйткені оның түп-тамыры сол тілді ғасырлар бойы қолданған этникалық топтардың мәдениетімен, тарихымен, дінімен және өмір салтымен тікелей байланысты. Осыған орай, этникалық тілді зерттеуді мәдениет, таным және тарихпен қатар қарастыру тіл білімі саласында антропологистика, психологистика, когнитивтік және әлеуметтік лингвистика сияқты жаңа бағыттардың қалыптасуына алып келді.

Қазіргі кезеңде тілдің зерттелуі мен дамуы маңызды тақырыптардың бірі болып отыр. Тілді зерттеудің антропоцентристік тәсілі кеңінен қолданылып, құрылымдық және антропоцентристік зерттеулерді біріктіру, сондай-ақ тілдік және тілден тыс факторларды үйлестіре қарастыру бұл бағытта үлкен рөл атқаруда.

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар этникалық, тарихи және мәдени байланыстарды, идеологияны, дәстүрлерді, кәсіпті, географиялық ортаны бейнелейтін құбылыс. Академик Ә. Қайдар тілдің этнос болмысын анықтаудағы рөлін былайша сипаттайды:

«Бүгінгі ұрпақ өз этносы туралы түрлі археологиялық және сәулет өнері ескерткіштері, тас мүсіндер мен жазба деректер арқылы білуі мүмкін, бірақ олардың барлығы – өткен уақыттың елестері ғана. Этникалық қауымдастықтың шынайы бейнесі тек тілде сақталған. Тек тіл ғана этностың тарихы мен мәдениеті туралы мол ақпаратты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе алады» (Қайдар, 1998:11).

Ғалым К. Мұсаев тілдің ұлт тарихын сақтаудағы рөлін былай түсіндіреді: *«Тілді ұлт тарихының қоймасы деп айтқанда, ең алдымен оның сөздік құрамы туралы сөз қозғаймыз. Себебі халық өміріндегі өзгерістер тікелей оның сөздік құрамына әсер етеді» (Мұсаев).*

Қазақ тілінің сөздік қоры тек қазақ халқының ғана емес, жалпы түркі халықтарының ортақ даму тарихын бейнелейді. Қазақ тілі қыпшақ тобына жататын басқа тілдермен жақын болғанымен, оның негізі ежелгі түркі тіліне барып тіреледі.

Белгілі бір халықтың тілі қалыптасқанға дейін оның этникалық негізін рулық және тайпалық бірлестіктер құрағаны белгілі. Осыған байланысты көне түркі жазбаларында сақ, қаңлы, үйсін, қыпшақ, арғын, найман секілді көне халықтар аталған. Олардың тілі кейде «Қаңлы тілі», «Үйсін тілі», «Қыпшақ тілі» деп те аталды.

Қазақ және қарақалпақ тілдері Ноғай және Қыпшақ тілдерінің жалғасы болып саналады. Ноғай Ордасының ыдырауы кезінде әртүрлі этникалық топтар басқа түркі тілдес халықтарға қосылды. Кейбір зерттеушілер ноғай халқының арғы тегін Мишар татарларымен байланыстырады.

Алтын Орда мен Ноғай Ордасы кезінде қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің жақындасуына тарихи-этникалық процестер себеп болды.

Тіл тарихында белгілі бір ұлттың тілі қалыптаспай тұрып, оның этностық негізі тайпалар мен тайпалық бірлестіктерден басталатыны айқын. Осыған байланысты *«Сақ, Қаңлы, Күнлі тілдері»* деген терминдер кездеседі, олар көне түркі тайпалары мемлекеттілік жүйесін құру барысында қолданған тілдерді білдіреді. Алайда ежелгі дәуірде өмір сүрген тайпалардың атаулары шартты түрде қолданылатын гипотетикалық

этнонимдер екенін ескеру қажет. Бұл көне тілдердің қазіргі түркі тілдерімен тікелей байланысын дәлелдейтін лингвистикалық деректер аз болғанымен, оларды түркі тіл білімі дамуының бастапқы кезеңдері ретінде қарастыруға тарихи негіз бар.

Қаңлы, Үйсін, Қыпшақ секілді тайпалар бүкіл қазақ халқының этностық негізін қалағаны белгілі, және олардың өзіне тән «Үйсін», «Қаңға», «Қыпшақ», «Арғын» деп аталған тілдері болғанын академик Ә. Қайдар атап көрсеткен. Ол *«Бұл тілдерді бір ғасырдан астам уақыт өткен соң жіктеп, ерекшеліктерін анықтау өте қиын, себебі олардың барлығы тарихи дамудың барысында өзара ықпалдасып, біртұтас тілге айналған»* дейді. Сондықтан тайпалық тілдер болған деген ұғым тек тіл тарихына қатысты ғана айтылады. Дегенмен, қазақ тілінің қалыптасу логикасына сүйенсек, *Қаңға, Үйсін, Қыпшақ, Арғын, Найман* сияқты тайпалық тілдердің ұлт тілі қалыптаспай тұрып өмір сүргеніне күмән жоқ (Қайдар, 2004:610).

Қазақ және қарақалпақ тілдері Ноғай және Қыпшақ тілдеріне жататындықтан, олардың ортақ белгілері бар және бастапқыда біртұтас тіл ретінде қарастырылған. Ноғай Ордасы ыдырағаннан кейін оның құрамындағы әртүрлі этникалық топтар басқа түркі тілдес халықтарға сіңісіп кетті.

Тарихи-лингвистикалық еңбектерге сүйенсек, қазақ этносы мен оның тілі XIV-XV ғасырларда қалыптасқан, және оның пайда болуы Қазақ хандығының құрылуымен тығыз байланысты. Бұл мемлекеттің құрылуы *Орал, Каспий, Сырдария және Тянь-Шань аймақтарында* орын алған әлеуметтік-экономикалық және этносаяси өзгерістердің заңды нәтижесі болды. Әртүрлі этникалық топтардың біртұтас мемлекеттік құрылымға бірігуі қазақ ұлтының нығаюына және оның тілінің жүйеленуіне ықпал еткені сөзсіз.

Қазақ тілінің тарихи дамуы бірнеше кезеңдерден тұрады:

➤ **Ежелгі түркі дәуірі (V-X ғасырлар)** – бұл кезеңде Орхон-Енисей жазба ескерткіштері дүниеге келіп, түркі халықтарының тілдік ерекшеліктерін айқындайтын құнды деректер қалдырды.

➤ **Орта ғасырлар (XI-XV ғасырлар)** – бұл уақытта қыпшақ тілінің ықпалы артып, түркі халықтарының арасында кеңінен қолданылды. "Кодекс Куманикус" сынды жазба ескерткіштер осы кезеңнің айғағы.

➤ **Қазақ хандығы кезеңі (XV-XVIII ғасырлар)** – бұл дәуірде қазақ халқының этникалық тұтастығы қалыптасып, қазақ тілі өз алдына дербес ұлттық тіл ретінде орнықты.

➤ **Жаңа дәуір (XIX-XX ғасырлар)** – қазақ тілінің әдеби қалыптасуы күшейіп, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған реформалар нәтижесінде жазу жүйесі жетілдіріліп, грамматикалық ережелер жүйеленді.

➤ **Қазіргі заман (XXI ғасыр)** – қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін иеленіп, ғылыми, техникалық, мәдени және ақпараттық салада кеңінен қолданыла бастады.

Тарих қойнауында әлі де ашылмаған көптеген құнды мұралар бар, және бұл мұралар қазақ халқының бүгінгі ұрпағы үшін ерекше маңызға ие. Қазақ халқы әртүрлі ғасырларда, әртүрлі саяси және әлеуметтік жағдайларда, жартылай көшпелі өмір салтына байланысты көптеген өзгерістерді бастан кешірді. Ежелгі қыпшақ, қазақ жазба ескерткіштері мен ұрпақтан-ұрпаққа ауызша әдебиет арқылы жеткен мұралар қазақ тілінің даму жолын және оның түркі тілдері арасындағы тарихи орнын анықтауда ерекше орын алады.

Қазақ тілі түркі тілдер жүйесінде айрықша орын алады. Бұл тілдің бай тарихи мұрасы, дәстүрі, әдебиеті мен мәдениеті түркі тілдеріне елеулі ықпал еткен. Қазақ тілі Қыпшақ тобының негізгі тілдерінің бірі ретінде келесі аспектілермен ерекшеленеді:

- **Тарихи тұрғыда:** Қазақ тілі өзінің құрылымы мен даму жолында басқа түркі тілдерімен тығыз байланыста болды. Тарихи кезеңдерде қазақ тілі түркі халықтарының бір бөлігінің тілінен қалыптасты, ал қазіргі қазақ тілі бұрынғы түркі дәуіріндегі тілімізді сақтап, оны дамытқан.

- **Әдеби мұра:** Қазақ әдебиеті мен әдеби тілі түркі тілдерінің тарихында маңызды орын алады. Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті оның тілінің маңыздылығын көрсетеді. Қазақтың классикалық әдебиеті, жыраулар поэзиясы, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінде түркі халықтары мәдениетінің негізгі белгілері көрініс табады.
- **Географиялық және әлеуметтік факторлар:** Қазақ тілі Орталық Азияның кең ауқымды территориясында таралған және бірнеше этникалық топтардың арасында өзара байланыс пен мәдениет алмасуының құралы болып табылады. Бұл тілдің әлеуметтік, экономикалық және саяси маңызы зор.

Қорытынды

Түркі тілдерінің қалыптасуы мен жіктелуі көптеген тарихи, әлеуметтік және этникалық факторлармен тығыз байланысты. Әсіресе, қазақ тілінің пайда болу процесі мен оның түркі тілдері ішіндегі орны маңызды зерттеу нысаны болып табылады. Түркі халықтары арасында тарихи байланыстар мен тілдердің даму ерекшеліктері олардың мәдени және саяси тарихымен тығыз байланыста.

Қазіргі заманда тілдің этносқа әсері туралы антропоцентристік көзқарас кеңінен қабылдануда. Бұл тұрғыда тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар мәдениетті, дәстүрлерді, дүниетанымды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу функциясы бар екені белгілі. Қыпшақ тілдері, соның ішінде қазақ тілі, түркі тілдерінің ішіндегі маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, оның лексикалық, морфологиялық және фонетикалық құрылымдары терең тарихи және этникалық байланыстарды көрсетеді.

Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің арасындағы тарихи және тілдік байланыстар, олардың түп-тамыры бір болғанын және бүгінгі таңдағы тілдік айырмашылықтардың тарихи процестермен тығыз байланысты екенін айқындайды. Бұл зерттеу түркі тілдерінің тарихи қалыптасуын түсіну мен олардың қазіргі жағдайын бағалау үшін маңызды қадам болып табылады.

Бүгінгі таңда қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болғанымен, оның қолдану аясын кеңейту – өзекті мәселелердің бірі. Ғаламдану үдерісі мен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы тілдің жаңа сын-қатерлерге тап болуына себепкер. Дегенмен, қазақ тілінің ғылым, білім, мәдениет және технология салаларында кеңінен қолданылуы оның болашақтағы орнықты дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін сақтап, дамыту үшін мемлекеттік деңгейде арнайы бағдарламалар қабылдануда. Мектептер мен жоғары оқу орындарында қазақ тілінің оқытылуы, оны цифрлық кеңістікке енгізу, халықаралық деңгейде таныту – басты міндеттердің бірі. Сондай-ақ, көркем әдебиет, телерадио, интернет кеңістігінде қазақ тілінің беделін арттыру – қазақ халқының рухани жаңғыруының кепілі.

Қазақ тілі – сан ғасырлар бойы ұлттың болмысын айқындаған, оның мәдениеті мен дүниетанымын бейнелеген рухани қазына. Түркі әлемінде айрықша орны бар қазақ тілі қазіргі уақытта өзінің мәртебесін нығайтып, жаһандану дәуірінде жаңаша серпінмен дамып келеді. Тілдің болашағы – халықтың қолында. Оны дәріптеу, дамыту және келер ұрпаққа таза қалпында жеткізу – әрбір азаматтың парызы. Қазақ тілі тек ұлттық мәдениеттің ғана емес, бүкіл түркі өркениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде әлемдік деңгейде өзіндік орнын айшықтай бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Баскаков Н. А. (1969). *Түркі тілдерін зерттеуге кіріспе*. – Мәскеу: Жоғары мектеп. – 384 б.
- Дыбо А. В. (2007). *Ерте түркілердің лингвистикалық байланыстары: сөздік қоры: прототүркі кезеңі*. – Мәскеу: Шығыс әдебиеті. – 221 б.
- Қайдар А. Т. (2004). *Қаңлы*. – Алматы: Дайк-Пресс. – 610 б.
- Мудрак О. А. (2009). *Түркі тілдері мен диалектілерінің жіктелуі*. – Мәскеу: Шығыстану институты. – 191 б.
- Самойлович А. Н. (2005). *Түркі тіл білімі*. Филология. Руника. – Мәскеу: Шығыс әдебиеті. – 1053 б.
- Сыздықова Р. (1981). *XV-XVII ғасырлардағы қазақ тілі, әдебиеті, тарихы және даму жолдары*. – Алматы, 60-86 б.
- Текин Т. (2000). *Орхон түркі тілінің грамматикасы*. – Анкара: Санат кітап үйі. – 290 б.
- Текин Т. А. (1990). *Түркі тілдерінің жаңа классификациясы*. Түрік тілдерін зерттеу. – Анкара. – 5-18 б.